

Қайынды ауылдық округінің Бабатай ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайынды ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 7 маусымдағы № 2 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 10 маусымда № 6244 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайынды ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 26 қарашадағы № 14 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайынды ауылдық округі әкімінің 26.11.2020 № 14 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі " Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрлігінің Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті Темір аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бас инспекторының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 2-14-4/99 ұсынысы негізінде Қайынды ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қайынды ауылдық округінің Бабатай ауылы аумағында мүйізді ірі қара малдары арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайынды ауылдық округі әкімінің аппараты " мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің этоландық бақылау банкінде электрондық түрде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Темір ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орыналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК